



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2024 жылдың бірінші тоқсаны бойынша мәлімет

## Тарих/Қатысушылар

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері: «Шеврон» - 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ - 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» - 25% және «Лукойл» - 5%.

## Өнім өндіру/Қорлар

- Теңіз коллекторының жалпы барланған қоры 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 миллиард баррель) мұнайды құрайды.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 1,4 миллиард тонна (11,5 миллиард баррель) құрайды.
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемін шамамен 80 мың тоннаға (640 мың баррель), ал табиғи газды 25 миллион текше метрге (870 миллион текше фут) жеткізді.
- 2024 жылдың бірінші тоқсанында шикі мұнай өндіру көлемі 7,5 миллион тоннаны (59,8 миллион баррель) құрады.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- ТШО 2000 жылдан бері табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 3,2 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 76%-ға азайды.
- ТШО 2024 жылдың бірінші тоқсанында өндірілген газдың 99,5%-ын кәдеге жаратты.
- 2024 жылдың бірінші тоқсанында суды қайтадан пайдалану көрсеткіші 46%-ды құрады. ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өнеркәсіптік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- ТШО қалдықтардың 35 түрін қайта өңдеуге жібереді. 2024 жылдың бірінші тоқсаны соңында қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жалпы көрсеткіш 43%-ға жетті.

## Өнімдерді өткізу

- ТШО 2024 жылдың бірінші тоқсанында 333 мың тонна сұйытылған газ және 748 мың тоннадан аса күкірт өткізді.
- Кәсіпорын 2024 жылдың бірінші тоқсанында 333 миллион текше метрден астам құрғақ газ өндіріп, Қазақстанның газ құбыры желісіне жеткізді. Кәсіпорын өндірілген құрғақ газдың түгелге жуық көлемін ішкі нарыққа өткізеді.

## Қазақстан Республикасы экономикасына қосқан үлесі

- 1993 жылдан бастап 2024 жылдың бірінші тоқсанына дейінгі аралықта ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржылай төлемі кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялтиді қоса алғанда 193 миллиардтан астам АҚШ долларын құрады.
- 2024 жылдың бірінші тоқсанында ТШО-ның Қазақстанға төленген тікелей төлем көлемі 3 миллиард АҚШ долларына жуық қаржыны құрады.
- ТШО 2024 жылдың бірінші тоқсанында Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) шеңберінде жұмсалған 440 миллион АҚШ долларынан астам қаржыны қоса алғанда қазақстандық қамтуды дамытуға 790 миллион АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

## 2024 жылдың бірінші тоқсаны бойынша мәлімет

- Кәсіпорын 1993 жылдан бері 48,4 миллиардтан астам АҚШ долларына қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтерін сатып алды.

### Қызметкерлерді шыңдау

- Негізгі өндіріс пен ККЖ-ҰЕҚБЖ-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 92,4%-ды құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлерін есепке алмағанда, ТШО қызметкерлерінің 95,1%-ы қазақстандықтар. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.
- Жалпы басшылық құрамдағы жоғары және орта буын жетекшілердің 80,6%-ын қазақстандықтар құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны есепке алмағанда қазақстандық жоғары және орта буын басшылардың жалпы үлесі 87,5%.
- Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты лауазымдарға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылуда.

### Әлеуметтік салаға үлес

- ТШО 1993 жылдан бері өз қызметкерлері мен Атырау облысы тұрғындарының игілігі үшін әртүрлі әлеуметтік жобаларға 2,9 миллиард АҚШ долларына жуық қаржы жұмсады.
- Құрылған күнінен бастап, ТШО «Игілік» жобасымен қоса, өзінің әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламалары аясында Атырау облысында мектептер, ауруханалар, демалыс орындары, балабақшалар және басқа да қоғамдық нысандарды салу және жақсарту үшін 120-дан астам әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаға инвестиция салды.
- ТШО 2010 жылдан 2023 жылға дейін денсаулық сақтау, білім беру, экономика және азаматтық қоғамды дамыту салаларындағы қауымдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберіндегі 144 әлеуметтік жобаға қолдау көрсетті.
- ТШО 2024 жылы өзінің әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысы мен Маңғыстау облысының Боранқұл ауылында денсаулық сақтау, білім беру сапасын көтеру және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған 17 әлеуметтік жобаға қолдау көрсетуде.
- ТШО Жылыой ауданы мен Атырау облысындағы су тасқынына қарсы күреске шұғыл көмек көрсетуге, сондай-ақ су деңгейі төмендегеннен кейінгі қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруға 2 миллиард теңге қаражат бөлді.

### Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

#### Жалпы мағлұмат

- ТШО серіктестері 2016 жылы Теңіз кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты қорытынды шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.
- ККЖ мұнай өндіру көлемін жылына шамамен 12 миллион тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырмақ. Мұнай өндірудің жалпы көлемі жылына шамамен 39 миллион тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды.
- ҰЕҚБЖ - ұңғымалардың ернеуіндегі қысымды төмендету және кейіннен қолданыстағы зауыттарға қысымды арттыру есебінен Теңіздегі көмірсутектерді өңдеу зауыттарының жұмысын толық қуатта ұстап тұруға арналған.

#### Қазақстандық қамту

- ТШО ККЖ-ҰЕҚБЖ жүзеге асырыла бастағаннан бері қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға 18 миллиардтан астам АҚШ долларын жұмсады.

#### Жоба бойынша жұмыстардың орындалу барысы

- ҰЕҚБЖ бойынша құрылыс жұмыстары аяқталды.
- ТШО қазіргі уақытта ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны іске қосу кезеңінде және нақты нысандармен байланысты жоспарланған техникалық процедураларды орындауға баса назар аударуда.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2024 жылдың бірінші тоқсаны бойынша мәлімет

- КҚЖ-ҰЕҚБЖ – бұл білікті мамандарды даярлау, шетелдік компаниялармен серіктестік қатынас орнату арқылы технология алмасу және жергілікті инфрақұрылымды жаңғырту түрінде мұра қалдыруға ықпал ететін ұлттық маңызға ие жоба.